

11 2010  
21848к



СЫРДАРИЯ КИТАПХАНАСЫ

ТҰРМАҒАМБЕТ  
ІЗТІЛЕУҰЛЫ



ШЫҒАРМАЛАРЫ



## Редакция алқасы

---

**Бердібаев Р., төраға**

**Алматов А.**

**Досжан Д.**

**Кәрібозұлы Б., жауапты редактор**

**Қасқабасов С.**

**Қоңыратбаев Т.**

**Момынбаев Б.**

**Оразбай И.**

**Оспан С.**

**Пірназар С.**

**Рахымбекұлы Ә.**

**Сейсекеева К.**



СЫРДАРИЯ КІТАПХАНАСЫ

---

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ  
ҚОРҚЫТ АТА АТЫНДАҒЫ  
ҚЫЗЫЛОРДА МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ

---

ТҰРМАҒАМБЕТ  
ІЗТІЛЕУҰЛЫ



ШЫҒАРМАЛАРЫ

ЕКІНШІ ТОМ

ӨЛЕНДЕР, ХИКАЯ-ДАСТАНДАР, АРНАУЛАР

“ФОЛИАНТ” БАСПАСЫ  
АСТАНА-2009

УДК 821.512.122 ^  
ББК 84 Қаз 7-5  
I 43

*Кітап Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің жанындағы «Халықаралық Қорқыт Ата мураларын ғылыми-зерттеу орталығы» қоғамдық бірлестігінде дайындалып, баспаға университет Ғылыми Кеңесінің шешімімен ұсынылды*

**Пікір жазғандар:**

**Қ. Ергөбек** – филология ғылымдарының докторы, профессор;  
**К.С. Сарышова** – филология ғылымдарының кандидаты

**I 43** **Ізтілеуұлы Тұрмағамбет.**  
**Шығармалары. Екі томдық.** – Астана: Фолиант, 2009.  
**Т. 2. Өлеңдер, хикая-дастандар, арнаулар.** – 336 б.

**ISBN 9965-35-710-2**

«Сырдария кітапханасының» құрамында беріліп отырған Тұрмағамбет Ізтілеуұлының екі томдық шығармалар жинағының 2-томына ақынның әр жылдары жазылған мысал жырлары, хикая-дастандары, арнау өлеңдері мен толғаулары еніп отыр.

Аузынан шыққан сөзі өлең болып өрілген ерекше дарын иесі өз туындыларында адами құндылықтарды дәріптеп, ашкөздікті аяусыз міней отырып, ғибратты тұжырымдар жасай білген.

Ақынның тіл бедері, өлең өрімінің көркемдігі, сомдаған образдарының шынайылығы оқырманды байсалды ой орамдарына еріксіз жетелеп отырады.


Кітап қалың оқырман қауымға арналған.

**I 4702250202**  
**00(05)-09**

**УДК 821.512.122**  
**ББК 84 Қаз 7-5**


**ISBN 9965-35-710-2 – (Т. 2)**  
**ISBN 9965-35-708-0**

**© Ізтілеуұлы Тұрмағамбет, 2009**  
**© «Фолиант» баспасы, 2009**



**МЫСАЛДАР,  
ХИКАЯ-ДАСТАНДАР  
1896-1939**

**ЖАСЫМНАН НАЗЫМ СӨЗГЕ ШЕБЕР ЕДІМ,  
«ӨЗІМНЕН ШЕБЕР КІМ?» ДЕП КЕБЕР ЕДІМ.  
ӘР ТҮРЛІ ХИКАЯ МЕН ДАСТАНДАРДЫҢ  
ШИРАТҚАН ШЫМ ЖІБЕКТЕҢ КӨГЕНІ ЕДІМ...**



## ҚАРА ҚОҢЫЗ

Жер жүзін қара қоңыз қаптайды жаз,  
Бір боққа қырық-елуден қонбайды аз.  
Кетеді бірінікін бірі алып,  
Еркелеп, енелеске еткендей наз.  
Біреуі қуып барып алысады,  
Тым тату өзге жерде, мұнда араз.  
Таласып тап уәлидің<sup>1</sup> сарқытындай,  
Етеді өте құрмет көп ағызаз<sup>2</sup>.  
Итеріп бірін-бірі тыраңдатып,  
Қылады бір мереке өзіне саз.  
Берін де жеңгеннен соң, жөнеледі,  
Бір мықты домалатып алып, сабаз!  
Бір жерге көміп оны, жайластырып,  
Қуанып, қожырайып болады мөз.  
Бұлайша жүреді ылғи тезек жиып,  
«Қыс болса болам ба, – деп, – өте мұқтаж».  
Тезегін бұрын көмген таба алмайды,  
Көп қарап, шаршап-жүдеп шабандайды.  
Қыс болса, жиғанының жартысын жеп,  
Ендігі жаз болғанша амалдайды.  
Мысалы сол секілді бұл күнгілер,  
Дүние үшін бірін-бірі жамандайды.  
Әлдісі әлсізінен тартып алып,  
Ақ малын оныменен арамдайды.  
Қыс қатты болған жылы қырып алып,  
Сып-сидам, басын сипап алаңдайды.

---

<sup>1</sup> Уәли – (ар.вәли) әулие

<sup>2</sup> Ағызаз – (ар.әзз) құрметтеу, құрмет көрсету, қадірлеу, қастерлеу

Он шақты ешкі менен қойды бағып,  
 Тон киіп, тамақ ішпей жалаңдайды.  
 Ақыры ат, атанның бәрін құртып,  
 Аяғы, өгіз мініп, салаңдайды.  
 Жинаған өліп-талып мал-мүліктің,  
 Ешбірін іздеп-тауып ала алмайды.  
 Адамға, көні, жолдас болғаны мал?  
 Бұл қалай ара тұрар, келсе ажал?  
 Қоңыз да осы өзіміз айтып жатқан,  
 Және де осылайша бар бір мысал.  
 Дарияның Маһит атты ар жағында,  
 Жазира, «Бағыбақ» деген бар еді арал.  
 – Жайылып жазы-қысы жүретұғын,  
 Бір бөлек ат бар әндө, – деді, – ошал һал.  
 – Иісі тезегінің ол аттардың  
 Жұпардың иісіндей – деп, айтады дәл.  
 Есітіп қоңыз біткен бұл жақтағы:  
 – Кел соған барайық, – деп ұшады, ал.  
 Арада ай мен апта өткеннен соң,  
 Бойлары божырайды болып дел-сал.  
 Қарны ашып, күш пен қуат құрыған соң,  
 Бәрі де бұлайынша ойлар қиял:  
 – «Бағыбақты» барғанменен, табамыз ба,  
 Я таппай, құр далада қаламыз ба?  
 Кешегі, кең далада тастап кеткен,  
 Тиюші ед таудай тезек дарамызға.  
 Әр жерден аяқ аузы үңгір қазып,  
 Толып ек күн-түн тасып шарамызға.  
 Бұл жерде бір тезек те көрінбейді,  
 Осынша олжа етерлік қарамызға.  
 Қанағат қолдағыға қылмаған соң,  
 Мінекей, кірді өптік арамызға.  
 Қадірін қара қидың білмеген соң,  
 Жатқаны жер күңіреніп наламызға.  
 Қонысқа қайтайық! – деп қарар жасар, –  
 Қатын мен қылмай зорлық баламызға.  
 Аянбай өуелгіден парлап ұшар,  
 – Қиы көп, барайық, – деп, – саламызға!  
 Жете алмай, жолда шаршап, бәрі де өлер,  
 Өлмеске қоңыз қайтіп тапсын өнер?!

Сопысып, сол сияқты бір паралар,  
Кемді-күн дін жолына көңілін бөлер.  
Жөнінен ақыреттің айтса үгіт,  
Жас ағып көздерінен, дөңгеленер.  
Шарттарын шарифаттың сұрамаққа,  
Жазы-қыс жатпай-тұрмай жортып, желер.  
Молла ұстап, мешіт салып, намаз оқып,  
Қаріпке қорыққанынан қайыр берер.  
Бұзылып өз-өзінен тұзсыз еттей,  
Істерін етіп жүрген зиян көрер.  
Ібілістің еріп анық алдауына,  
Дүниенің қайтауылдап соңына ерер.  
Өуресі «екі дүниенің» болып бірдей,  
Қоңыздың осы айтқан кері келер.

1896

### ЖОЛАУШЫ МЕН ДАНА

Жолығып бір жолаушы бір данаға:  
– Жетемін, – деді, – қашан мен қалаға?  
– Барасың асықпасаң бір-ақ күнде,  
Қонасың асықсаң бес екі араға, –  
Деп дана, езу тартып қала берген,  
Ақылсыз, айтып жұмбақ бейшараға.  
– Бес қонып күндік жерде кім жүред? – деп,  
Кейіген көңілі кетіп бір салаға.  
– Сағатта-ақ, шаба берсем, барармын, – деп,  
Соқтықты өз-өзінен бір қараға.  
Қамшы ұрып, қатты шапты қағынғандай,  
Әр түрлі ой жіберіп мажыраға<sup>1</sup>.  
Қара тер болып аты, қалды жүрмей,  
Тастауға өлімтігін құр далаға.  
Жаяулап «жануарым не қылдың?» деп,  
Жетектеп жеткізді атты бес қонаға.

---

<sup>1</sup> Мажыра – (ар.) оқиға

Жай жүрсе, жалғыз күнде-ақ баратын еді,  
 Асығыс, асылында еткен іс оңа ма?  
 «Артқа қой асығысыңды» деп даналар,  
 Кейінге кеткен жазып ырсалаға<sup>1</sup>.  
 Кездессе, кейір ем мен сол данаға:  
 – Еттің, – деп, – еңбегіңді еш кем санаға.  
 Табылса тәтті сөздің төгіндісі,  
 Ер бермес есі бүтін мың сомаға.  
 «Арбамен асықпаған қоян алар» –  
 Деп айтқан құлағыңды қой жобаға.  
 Сақтаулы саспағанның сыбағасы,  
 Асыққан ұшырасар бір тобаға.  
 Басына ой құсының орнықтырып,  
 Түрекең тігіп берді бір томаға.

*Екінші нұсқасы:*

Кездесіп бір жолаушы бір данаға,  
 – Жетемін, – депті, – қашан мен қалаға?  
 – Барасың асықпасаң кешке дейін,  
 Асықсаң бес қонарсың екі араға, –  
 Деп дана езу тартып қала берді,  
 Аз ақыл айтып жұмбақ бейшараға.  
 «Бұл қалай мені мазақ еткені?» деп,  
 Шамданып қашырды ойды ол өр салаға.  
 Ақылы ауысқансып, айтқан шығар,  
 Қартайып жас келгенсін соншамаға.  
 Данадан дария заңлы шыққан сөзге,  
 Абайлап, ақылы кемдер зер сала ма?  
 Бес қонып күндік жерге кім жүрсін деп,  
 Қасты етіп қашты осылай ой шамаға.  
 Шу-шулеп қамшы басты үсті-үстіне,  
 Жетуге көп ұзамай тез қараға.  
 Қара тер болып аты қалды жүрмей,  
 Тастауға өлімтігін құр далаға.  
 Жаяулап «жануарым не қылдың?» деп  
 Жетектеп жеткізді атын бес қонаға.

---

<sup>1</sup> Ырсала – (ар.) қағида, нұсқау

Жай жүрсе жалғыз күнде-ақ жетер еді,  
 Асығыс, асылында, еткен іс оңа ма?  
 Ақымаққа айтқан ақылың кетер босқа,  
 Көзі сау, көкірегі кер томаға.  
 Өткізер өкінішпен өмірін босқа,  
 Кездесіп қайда жүрсе қамтамаға.  
 Кездесем кейір ем сол данышпанға,  
 Еттің деп еңбегінді еш кем санаға.  
 Сол үшін соңғы нышан данышпандар,  
 Қалдырып кеткен жазып ыр салаға.  
 Сақтаулы саспағанның сыбағасы,  
 Асыққан ұшырасар мұң, тобаға.  
 Табылса төтті сөздің төгіндісі,  
 Ер бермес есі бүтін мың сомаға.  
 Басына ой құсының орнықтыр деп,  
 Түрекең тігіп берді бір томаға.

## МҰХАММЕД ПАЙҒАМБАР ТУРАЛЫ ХИКАЯ

Мұхаммед атты Мұрсалың,  
 Жас қалды ата-анадан.  
 Жабыр, жапа көп көріп,  
 Айлады раһлат панадан.  
 Тілегін тілеп үмбеттің,  
 Тынбады тілі бір сағат,  
 Тасбих, таһіл, санадан.  
 Недей көрген мехнаты,  
 Нұсқа болып қалынды,  
 Бұрынғы өткен данадан.  
 Көпірден қашып қанша жыл,  
 Табандарын тас қағып,  
 Башпайлары қанаған.  
 Ықырар<sup>1</sup> болып пазылына,  
 Қосшылыққа сол күнде,  
 Хахаптың<sup>2</sup> ұлы жараған.

<sup>1</sup> Ықырар – (ар.екрар) мойындау

<sup>2</sup> Хахап – (ар.Кәһафе) Әзіреті Әбу Бәкірдің әжесінің есімі

– Бұл бұзық елді бұзар, – деп,  
 Өлтірмекке ой қылып,  
 Әбужәһіл арнайы,  
 Кәпірлермен қараған.  
 «Бір жәдігөй Мәккадан,  
 Шықты» – деген ақпарат,  
 Әр тарапқа тараған.  
 Осыдан қорқып Сәруар,  
 Әбубәкір Сыдықпен,  
 Қашып барып тығылды,  
 Бір үңгір тауып Ырадан<sup>1</sup>.  
 Ішіне кіріп Әл Әзірет,  
 Ұйықтап қалды битап<sup>2</sup> боп,  
 Тікен кіріп, тас қаққан,  
 Төніндегі жарадан.  
 Жылан, шаян көбінен,  
 Қауіп етіп араб елдері,  
 Жүрмес еді осы арадан.  
 – Сыдық, жылан шағар, – деп,  
 Ыақ Хәбибі Нәбиді,  
 Күзетуді қалаған.  
 Жан-жағына қаранып,  
 Ал үңгірде болатын,  
 Жыланның інін санаған.  
 Қымбат баһа үстінде,  
 Шекпені бар еді Сыдықтың,  
 Тіктіріп киген жаңадан.  
 Сөгіп сондай шекпенді,  
 Әр жыланның жатағын,  
 Тығын қылып бекітті,  
 Бір жапырақ парадан.  
 Бір жыланның ініне,  
 Шүберек жетпей қалған соң,  
 Табанын қойып қадаған.  
 Сондағы жылан шыдамай,

<sup>1</sup> Ыра – таудың аты

<sup>2</sup> Битап – (п.) шыдамсыз

Хазірет Сыдық пазылдың,  
 Аяғын тістеп талаған.  
 Көзінен жасы мөлдіреп,  
 – Я, Расулы, жылан шақты, – деп,  
 Пайғамбарды оятты, –  
 Кетейін, әй, садаған. –  
 Мүбәрак басын көтеріп,  
 – Ешнәрсе етпес, достым, – деп,  
 Шаққан жерін жыланның,  
 Тіліменен жалаған.  
 Сәһат<sup>1</sup> тауып аяғы,  
 Сол сағатта тарқады,  
 Ашытқан зәрі манадан.  
 Пайғамбар дұға қылған соң,  
 Осы шаққан жыланның,  
 Тілдері болды абадан.  
 Уәзір қылып, бас ұрып,  
 Деді: – Ая, Расулым,  
 Исаның уақыты ед заманым.  
 Сол Исадан өміріме,  
 Көрмекке Сізді дұға алдым,  
 Қатыным жоқ, я балам.  
 Сонан бері осында,  
 Күтумен күн-түн жатырмын,  
 Айырылып ата-бабадан.  
 Өзімнен басқа бұл күнде,  
 Еш нәсілім қалған жоқ,  
 Қасымда бала-шағадан.  
 Шыдай алмай, шағып ем,  
 Аяғын осы Сыдықтың.  
 Асқансын ышқым<sup>2</sup> қанадан,  
 Кінәмді осы кешіріп,  
 Үмбеттікке қабыл қыл, –  
 Деп бейшара зар жылап,  
 Басын тасқа сабаған.

<sup>1</sup> Сәһат – (ар.сәһәт) жазылу, денсаулық

<sup>2</sup> Ышқы – (ар.ешқ) сүю, ғашық болу, махаббат, сүйіспеншілік

Апу етіп айыбын,  
 Кәлиманы үйретіп,  
 Үмбет қылдым маһшарда,  
 Боларсың, – дейді, – дараман<sup>1</sup>.  
 Қуанып жылан, ән ұрып,  
 Жанын Хаққа тапсырды,  
 Дүниеден айлап аламан.  
 Мұхаммедті тапқанға,  
 Жүз қызыл нар бермекке,  
 Айтысып уағда, ант ішті,  
 Меккедегі барадам.  
 Бұл хабарды есітіп,  
 – Мен табам, – деп, – ол жоқты, –  
 Бір ізші келді сарадан.  
 Басшы қылып осыны,  
 – Кетті, – деп, – қайда көпірлер?  
 Із кестірді даладан.  
 Ізін тастан шығарып,  
 Бастай ала жөнелді,  
 Бұларды ертіп қаладан.  
 Тіп-тіке Ыра тауының,  
 Үңгіріне апарып,  
 – Табылар, – дейді, – бұл бетпақ,  
 Мұхаммед осы шамадан.  
 – Осыған кірген шығар, – деп,  
 Қылыштарын қолға алып,  
 Айнала аузын қамаған.  
 Осы үңгірдің аузына,  
 Бір өрмекші тор тоқып,  
 Шатастырып, жамаған.  
 Бір көгершін бұл жерге,  
 Ұя салып және де,  
 Екі-үш күн жұмыртқалаған.  
 Мұхаммед кірсе осыған,  
 – Бұзылмас па еді бұлар, – деп,  
 Сенбеді бұлар анаған.

<sup>1</sup> Дараман – (т.дар+ар.аман) амандықта, саулықта

Сол жерден кейін тарқады,  
 Ертіп келген ізшінің,  
 Балшыға сөзін балаған.  
 – Асықпа, Сәруар, сабыр қыл,  
 Жетерсің, – дейді, – мақсұтқа,  
 Жебірейіл келіп самадан<sup>1</sup>.  
 – Жинап алып қауымыңды,  
 Мәдинаға қаш, – дейді,  
 Бұл Мекке мұғаззамнан<sup>2</sup>.  
 Қауіп-қатер көп еді-ау,  
 Сақтаса, тіпте, бөле жоқ,  
 Құдірет Тәңірі тағалам.  
 Ол ерлер де осындай,  
 Машақатты көрсе де,  
 Сабыр айлап ақыры,  
 Дүниені алған уа төмам.  
 Біз – ақымақтар, зөредей,  
 Машақат көрсек мұңая,  
 Жер бауырлап құлаймыз,  
 Өгізшедей жатаған.  
 Алла назар салмаса,  
 Қаңғалап жүрміз қаңбақша,  
 Аша алмай көзді қатадан.  
 «Көп тілеуі – көл» деген,  
 Тындаушылардан тілегім,  
 Қалдырмас деп, қалайда,  
 Түрекенді алғыс, батадан.

## ШАҒАЛА МЕН ТАСБАҚА

Бетінде айдын көлдің асыр салып,  
 Жүруші ед бір шағала аулап балық  
 Қайраты – қолтықтағы қос қанаты,  
 Сермесе, желдей зулап, судай ағып.

<sup>1</sup> Сама – (ар.сәма) аспан, көк

<sup>2</sup> Мұғаззам – (ар.моғаззам) ұлық, ұлы саналатын

Көріп бір көкте жүріп, тасбақаны,  
 Жанына жақынырақ қонды барып.  
 Тасбақа шағалаға деді сонда:  
 – Мүсәпір, мен бір жүрген едім ғаріп.  
 Құмар ем сенімен бір сөйлеспекке,  
 Сыртыңнан сипатыңа мейірім қанып.  
 Айтайын бір әңгіме, құрбым, саған,  
 Құп десең, қиғаш тартпай, тілімді алып.  
 Сыйласып, бұдан былай кеуіл қосып,  
 Қол алып, құшақтасып, дос болалық,  
 Ойлама қауіп етерлік қандай сөзден,  
 Ақиқат адал сырым, айтқан анық.  
 Шағала: – Бұл айтқаның, – деді, – мақұл,  
 Дос болсаң адасқанда, айтар ақыл.  
 Кетейін дос болудан қашып сізден,  
 «Шалқайма еңкейгенге» деген нақыл  
 Дұшпанға душар келсек қай кезде де  
 Қалмайық қамдестікпен, – деді ғапыл.  
 Шат болып шағаланың қолын алды,  
 Тарбаңдап, бақа байғұс, апыл-тапыл.  
 – Сөзіңнен жоқ ешқандай мінің, – деді, –  
 Ақиқат азаматтық – мұның, – деді.  
 – Тамақ тат, мейман болып, біздікінен,  
 Мінекей, мынау менің, інім, – деді.  
 – Қам қылма мен тұрғанда ешбір жаннан,  
 Дұшпанның тигізбеймін бірін, – деді.  
 – Қиянат жасаушылар болса егер,  
 Айт маған өшіремін үнін, – деді.  
 Шаттанды шағала да онан сайын,  
 «Сәл жерде табылды, – деп, – менің жайым».  
 Формына қарап тұрып, деді ішінен:  
 «Ерлікке ер ебдейлі біткен қайым».  
 Бірлесіп бақаменен бірнеше күн,  
 Достықтың тамылжытты әбден майын.  
 Кеткенмен күндіз бөлек тамақ аулап  
 Бақамен бірге түнеп жүрді дәйім.

Бір күні бақа тұрып деді: – Достым,  
 Дос болып меніменен көңіл қостың.

Болғанмен түнде бірге, күндіз бөлек,  
Аспанда асыр салып, желдей естің.  
Бірге бол, күндіз-түні, кетпе бөлек,  
Келсе егер шыныменен көңіл қосқың.

– Дос болдық, – деді, – бақа, көңіл жанап.  
Күндіз мен кетуші едім іздеп тамақ.  
Қасында отырамын өлсем де аштан,  
Олайша сен ренжіп, шытсаң қабақ.  
Ойымша, ұшпай жүру жараспайды,  
Қойған соң Құдай беріп: «Ұш!», – деп қанат.  
Достықтың лайқатын өзің айтшы,  
Әгар да ұшпауымды етсең талап.

Бақа айтты: – Қанатыңды таста, – деді,  
– Қалам деп, тамақ таппай, саспа, – деді.  
Күн көріп жүр ғой өлмей, қанатсыз-ақ  
Алашы айуанаттар басқа, – деді.  
– Достықтың лайқаты – бірге жүрмек,  
Бұл саған сөзім емес қаста, – деді.  
– Өзімде сыр бермейтін кейбір надан,  
Бой ұрып, қол созбаймын насқа, – деді.

Шағала дос тілегін қабылдады,  
Кеулінен келіспестік табылмады.  
Пәлен деп дос сөзіне дәлел айтып,  
Араға сөз алысып, сабылмады.  
Жұлдырды қиналса да, қауырсынын,  
Тәртібін татулықтың жаңылмады.  
Айрылып қанатынан қапелімде  
Қалғандай ылай сазда сабырлады.

Солайша жерде жүрді өмір сүріп,  
Жемеген жерден бұрын шөбін жұлып.  
Нашақ қып көрген құстар әжуалап,  
«Ақылсыз, ақымақ» деп, кетті күліп.  
Кез келіп бір қарақұс қапылыста,  
Байғұсты шырқыратып, кетті бүріп.  
Өзінше өмір сүріп жүрген жанға  
Тасбақа дос болам деп, салды бүлік.

Қара құс етін жеді қанын шашып,  
Қашаннан сондай іске болған машық.  
Бақаның болысарлық дәрмені жоқ,  
Досына тұрса-дағы жаны ашып.  
Айбат қып арашалап алмақ түгіл,  
Тарбандап, бас сауғалап, кетті қашып.  
Әмпай боп ақылсызбен, шағаланың  
Аңламай еткен ісі қатты адасып.

Бұл қастық еткені емес тасбақаның,  
Демеді ол өзін ғаріп тасбақамын.  
Бөрің де тап осындай боласындар,  
Бірімен душар болсаң пәс баһаның.  
Кең ойлы кездессеңдер ақылы қамға  
Қаласың аласұрып, атпас таңға.  
Әркімнің айтқандарын жөндеп тұтсаң,  
Болады жаңа тоның жалба-жұлба.  
Көмпиіп кейбіреулер кеуде керер,  
Сасқанда болмаса да жанға далға.  
Кеңесін кем ойлының тыңдай берсең,  
Арқансыз мінгізеді ыққан салға.

Аға-іні, аңлағанға, бұл бір кеңес,  
Кең ойлы ез білгенім жетер демес.  
«Алмаңдар жанның тілін жалғыз отыр,  
– Деген бұл, – дос болмаңдар» сөзім емес.  
Тау деме төмпешікті көлемі кем,  
Сағыммен болжай алмай елес-елес.  
Абайлар ақылдылар өз парасын  
Бой жазып жерге шығып дөңес-дөңес.  
Өзгемен өз шамасын өлшестірген,  
Қашанда қамдестікпен қайғы жемес.  
Өткіздім алдарыңнан белес-белес,  
Насихат нәп алғанға нәр бергендей,  
Болғанмен көлемі кем, көзге көмес.

## ЛӘКЛӘК ПЕН ШЫМШЫҚ

Сүлеймен сұлтан болып сүрді дәурен,  
 Есепсіз бар еді пәйкі<sup>1</sup> пері, дәуден.  
 Мәжмұғы<sup>2</sup> мақұлықатты мұтыйғы<sup>3</sup> айлап,  
 Оздырды қатарынан Қадыр Мәулен.  
 Бір күні көтергізіп тақтың желге,  
 Гүлстан, көлайттауға шықты, зәумен.  
 Орнаған ол тараптың жерлеріне,  
 Тағзымға келді таман тастар, таумен.  
 Солардан соңға нышан қалмағансын,  
 Болад да дүниеге осы еткен әурең.  
 Батарсың бітсе уақытың ақырында,  
 Айдай боп атырапқа түссе сәулең.  
 «Ошалша шәжіра тіл қылап»<sup>4</sup> деген,  
 Дараққа келді әр күйде таңырқаумен.  
 Сағаттай саясында тұрды тақта,  
 Таусылмай тамашасы бір қараумен.

\* \* \*

Бір шымшық және бір құс деген «ләкләк»,  
 Осыны ұялаған екен жандап.  
 Күнелтіп көптен бері екеуі де,  
 Тұр екен бір-бірінің әлін аңлап.  
 Бір күні болмашыға араздасып,  
 Кінәні бір-біріне жатыр қамдап.  
 Бұлардың осы түрлі біліп сырын,  
 Таң көріп Дәуітұлы тыңдады арнап.  
 Шымшыққа ләкләк құс: – Ей, надан!  
 Әліңді аңламайсың неге барлап?

<sup>1</sup> Пәйкі – (п.пейк) елші, хабаршы, жаушы, шабарман

<sup>2</sup> Мәжмұғы – (ар.мәжмә) жиналыс жері

<sup>3</sup> Мұтыйғы – (ар.мотиһ) көңгіш, момын, бой ұсынғыш, бағынышты

<sup>4</sup> «Ошалша шәжіра тіл қылап» – (т.) «Шәжіреде осылайша айтылған» мағынасында

Менімен көптен бері бірге тұрдың,  
 Мен сені «қоңсым ғой» деп, қамың құрдым.  
 Өзіңнің жісің – кішік, есімің – шымшық,  
 Қарашы тұмсығыңа, титтей мұрның.  
 Жылан көп шаға қойса, бірін аман  
 Қояр ма болса-дағы балаң бір мың.  
 Әр түрлі осы арада дұшпандар бар,  
 Солардың бөрінен мен сақтап тұрмын!  
 Жарбиып, жадыға алмай жақсылықты  
 Саласың көңіліме қалай кірбің?

Шымшықтың сөзі мынау айтқан оған:  
 – Қоңсыға қолайлы іс – тартпақ қоғам.  
 Менің де баһадархәл<sup>1</sup> бар қызметім,  
 Деп міндет ете берме: «Қамың соғам».  
 Тұмсығың лайқатсыз ұзын үшін,  
 Қаптаған құмырсқаға болмас тоған.  
 Шақса егер шиедей қып сирағыңды,  
 Алатын арашалап осы жораң.  
 Қаптаған құмырсқаның қаншасынан,  
 Құтқардым, қайда сенің қылған тобаң?

Сен ондай айтпа маған ұнамсыз кеп,  
 Кел бері бірігейік, болмайық шет!  
 Таптырмас татулықты қолдан беріп,  
 Қалмайық қапияда өкініш жеп.  
 Біреуге біреу себеп шамаласаң,  
 Әммеге асылында бір Құдай сеп.  
 Тамамы тіршіліктің – біршілікпен,  
 Лайық бірін-бірі тұрмақ демеп.  
 Шымшықтың осы айтқанын аңдады да,  
 Ашудан қайтты ләкләк: «Солай ма?» – деп.  
 Ақырын ойлап бұған күліп сұлтан,  
 Тағымен жел көтерген кетті жөнеп.  
 Әлсізді аяқ асты етпей онша,  
 Ғибрат мұнан өркім алу керек.

<sup>1</sup> Баһадархәл – (п.бәһр+ар.һал) алайда

Асауды ұсталмаған абайласаң,  
Жарайды жүруіңе жіп жетелеп.  
Созуға сөз шамасы шақ болған соң,  
Доғардым бұл сөзді осы жерге тіреп.

1905

## СОҚЫР МЕН АҚСАҚ ХИКАЯСЫ

Бағдатта патша өткен Рашид Ғарун,  
Бақ орнап бағындырған жанның бөріні.  
Шарттарын шарифаттың айлап бажай,  
Сұлтан боп саясаттың құрған дарын,  
Данышпан дариядай ақыл-ойы,  
Бар еді Жағыпар атты уөзірі өнің.  
Жағыпардың жомарттығы анасының,  
Жамиғы болған еді жұртқа мәлім.  
Сарп айлап сары алтынды су орнына,  
Сүбһі<sup>1</sup> ошал сұраушы еді ғаріп өлін.  
Көшеде көлайт айлап келе жатып,  
Есітті ол екі адамның аһы, зарын.  
Біреуі ақсақ екен, жол үстінде,  
Отырып бұлай деді: – Ая, Кәрім!  
Жеткеріп жетерлік жем өз пазылыңнан,  
Кеуілден кедейліктің ал мұнарын!  
Бендеден бенде сұрап, жал аса алмас,  
Сұрауға сен лайық ер сауалын. –  
Саңылаусыз шамды көрмес соқыр – бірі,  
Төңірінің тілге алмайды тіпте намын.  
Дейді тек: – Ей, анасы Жағыпардың!  
Соқырдың сен бермесен жейтін нанын.  
Әлатқа<sup>2</sup> өлетұғын анық жеттім,  
Қыл шапқат, қимылдарға жоқ мажалым<sup>3</sup>. –  
Айтқанын осылайша есіткен соң,  
Соқырға салмақ болды шын назарын.

<sup>1</sup> Сүбһі – (ар.собһе) дүеа, зікір

<sup>2</sup> Әлат – (ар, һәлат) жағдай, хал, ахуал

<sup>3</sup> Мажал – (ар.мәжал) мүмкіншілік, қолайлы жағдай

Мауыздап бір тауықтың ішіне жүз  
 Ділланы тығып сахия<sup>1</sup> ол заманның.  
 – Уақытында осы біткен өзіме кел, –  
 Дөп берді, – тауық, ділла әммаларын.  
 Ақсаққа бір теңге мен бір нан беріп,  
 Етуге жүріп кетті өз анжамын.  
 Ақсаққа ошал уақта соқыр айтты,  
 – Саған не берді жаңа кеткен ханым?  
 – Шағындау шикі тауық берді маған,  
 Миясар<sup>2</sup> мәрттік деймін бұл қылғанын.  
 Сұраушылар алар да мұңайысар,  
 Ақсақ та айтты еткен әһсанын<sup>3</sup>.  
 – Көр сонда көп жалынып, – деді ақсаққа,  
 Көзің бар кел қасыма сенің, жаным.  
 Теңгенді наныңменен маған бер де,  
 Тауықты тап пісіріп жеудің қамын.  
 Теңге мен нанын беріп тауықты алды,  
 Соқырдың суық көрмей бұл айтқанын.  
 Ішінде үйіне әкеп сойып көрсе,  
 Ділла бар есебі жүз тола қарын.  
 Бай болып беріп Алла бір сағатта,  
 Әр түрлі ойына алған жиды малын.  
 Соқырдың Сыр суындай соры өрлеп,  
 Жоқтықпен жойды қолдан ықтиярын.  
 Ібарат ақылы барлар алмақ үшін,  
 Еттім сөз ертегінің бұл мысалын.  
 Тәңірден тіле тілек, кетер білек,  
 Оңалды ақсақ қалай үзген жалын.  
 Жан қайда Жағышардың анасындай,  
 Жұмсаған жомарттыққа ой қиялын.  
 Шадағаты соқырға еткен оның дағы,  
 Болған жоқ жуыр<sup>4</sup> қанша жүні қалың.

<sup>1</sup> Сахия – (ар.сахи.) сақш., жомарт.

<sup>2</sup> Миясар – (ар.майассар) мұжжін., жүзеге асатын., орындалатынын.

<sup>3</sup> Әһсан – (ар.) жақсылық, игілік.

<sup>4</sup> Жуыр – (ар.жаур) ништану., зорлау., қарлау.

Жаманның жақсылығы жасартар ма,  
 Келелік гүжімдейін кессең талды.  
 Асылыңда ықыласпен «Алла» десең,  
 Байлықтың бек боларсың ішіп балын.

1905

## ЕСЕР МЕН ЕСТІ

### *Түрік хикаясы*

Бар еді баябанда<sup>1</sup> бір бай түрік,  
 Жинаған жұрт таңырқар мал мен мүлік.  
 Болғанмен сондайынша салтанатты,  
 Тұрар ма түпкілікті түспей бүлік?  
 Қартайып, қара шашы қардай болып,  
 Жүруге жарамайтын болды жілік.  
 Бойында бара-бара қуат қалмай,  
 Көзден нұр, кеуілінен кетті білік.  
 Күрілдеп көкірегі күннен-күнге,  
 Табылды табиғаттан тағы да ілік.  
 Келмеске көзді жұмып көшті ақыр,  
 Санаулы сарқылып дем, бітіп сүрік<sup>2</sup>.  
 Тамаша талай жылғы сүрген дәуір,  
 Сияқты болып қалды өп-өтірік.  
 Бар еді екі ұлы, үй салдырды,  
 Үстіне жұмсап малды неше түлік.  
 Ұзамай екі мырза еншілесті,  
 Басына ерік тиіп, белді шешті.  
 Туғанмен о басында бір атадан,  
 Кішісі үлкенінен еді есті.  
 – Атамдай айдалада өлмейін, – деп,  
 Қалаға қасындағы тұра көшті.  
 Кешікпей көп малымен келіп жетті,  
 Екі-үш күн тікті-дағы жолға қосты.

<sup>1</sup> Баябан – айдала, сахара

<sup>2</sup> Сүрік – (ор.) срок, мерзім

Солардың сатты бәрін қалдырмастан,  
Қойды да сауындығын төртті-бесті.  
Салдырды сарай мен жай, бау мен шарбақ,  
Жалға алып жігіттерді небір күшті.  
Орындап ойына алған жұмыстарын,  
Шарапты шалқасынан жатып ішті.  
Ағасы бір күндері базарлап кеп,  
Көрді де бұлай деді, қайрап тісті:  
– Жүретін малдарыңды жерді шарлап,  
Саттырып, салдырыпсың сарай, шарбақ.  
Жан-жаққа жаза қылса жібермейтін,  
Бұларың етегіңнен ілер қармақ.  
«Алланың добы, – деген, – адам басы»,  
Бір жаққа тұз-дәм айдап болсаң бармақ,  
Ешбірін артып-тартып жүре алмайсың,  
Жеккенмен арбаға өгіз неше парлап.  
Өкініп өз-өзіңнен сол уақытта,  
Тартарсың қайғы-қасірет, «гөй-гөй» сарнап.  
Бір пұлдық пайда таппай бұларыңнан,  
Кетерсің лажың жоқ жылап-зарлап.  
Қаласың қалайда да құр алақан,  
Отырып ойлағанда байқап, барлап.  
Ізіңе еріп мүлкің жүретұғын,  
Жұмысты көрсетейін көзіңе арнап!  
Деді де, бір кемені сатып алды,  
– Өзіммен жүргізем, – деп, – мүлік-малды.  
Теңізге түсірді де түбі терең,  
Парыжға байлаттырды ескек талды.  
Қалдырмай қазынасын қанша жиған,  
Ішіне алдырды да оны салды.  
Шамасы шөккен нардың шоқалақтай,  
Үстіне орнатқандай болды жалды.  
– Қайығың қалайда да қарық болады! – деп,  
Жаны ашып жан-жағынан жұрт жиналды.  
Тыңдамай айтқандарын: «Ал, жүргіз!» – деп,  
Қышқырып қайықшыға, керней шалды.  
Бармай-ақ есік пенен төрдей жерге,  
Шым батып сол бойынша кетіп қалды.  
Інісі бірге туған былай тұрсын,  
Бұл қылған қылуасына халық ұялды.

## ӨГІЗ БЕН ЕСЕК

Бір дихан келіп Хазірет Сүлейменге,  
– Арза бұл айтатұғын, – деді менде.  
Үйретсең хайуанаттың тілін, тақсыр,  
Болар ем кездескендей көңілім кенге.  
«Әлемнің әкімі» деп келіп тұрмын,  
Жұрт сыйып жатқаннан соң сіздің жеңге.  
Ол айтты: – Қиын емес бұл айтқаның,  
Білесің Баһайымның<sup>1</sup> тілін демде.  
Өлесің өміріңнен бірақ бұрын,  
Адамға егер сыр ғып айтсаң өңге.  
Ант ішіп айтпасына, етті өтініш:  
«Көз сал, – деп, – қайтсең-дағы мендей кемге»  
«Болмас, – деп, – болса олай», – берді тағылым:  
«Өкшеңе өкінбе, – деп, – кірсе шөңге».  
Шат болып, шамадан тыс шалықтады,  
Шыққандай бұлт шөгетін тау мен дөңге.  
Үйіне айналмастан келді жетіп,  
Көпестей көп асылды бұған теңге.  
Бар еді бір өгізі, есегімен,  
Қорада қойған байлап сабан, жемге.  
Есекке өгіз айтты: – Осы бүгін  
Апарып қожайыным қосты жерге.  
Шаң жұтып шала-жансар болып тұрмын,  
Шомылып сүмелектеп бойым терге.  
– Оттама, болса олай, – деді, есек,  
Күрсініп, көзің жұмып, бойың кер де.  
«Шығар, – деп, – шын зорыққан осы өгізім»,  
Тақ тұрар тәрбиешің, тұтып перде.  
Мақұлдап су ішпеді, оттамады,  
Түскендей тіксіндіре ішкі зерде.  
Есекке ертеңіне мінбек болды,  
Қожасы оны есітіп жатып төрде.  
Тұрды да таң атқан соң деді: – Балам,  
Өгізім ауырып тұр, есекті ерле.

---

<sup>1</sup> Баһайым — (ар.бегиме) төрт аяқты жануар, хайуанат